БЕКІТІЛДІ
«Қазақстанның хоккей федерациясы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
Республикалық Конференциясының шешімі
2026 жылғы «25» қыркүйектегі №115 хаттама

«Қазақстанның хоккей федерациясы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
МАРКЕТИНГ БОЙЫНША РЕГЛАМЕНТІ

Астана қ., 2026

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР....3
1-бап. Құқықтық негізі және қолданылу аясы....**Error! Bookmark not defined.**
2-бап. Терминдер мен анықтамалар....**Error! Bookmark not defined.**
3-бап. Регламенттің міндеттілігі....**Error! Bookmark not defined.**
4-бап. Қағидаттар....**Error! Bookmark not defined.**
2-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР.... Error! Bookmark not defined.
5-бап. ҚХФ құқықтары....**Error! Bookmark not defined.**
6-бап. ҚХФ міндеттері....**Error! Bookmark not defined.**
7-бап. Резервтелген санаттар....**Error! Bookmark not defined.**
8-бап. Клубтардың коммерциялық саладағы құқықтары мен міндеттері....**Error! Bookmark not defined.**
9-бап. ҚХФ демеушілерінің іс-шаралары....**Error! Bookmark not defined.**
3-ТАРАУ. ЖАРНАМАЛЫҚ КЕҢІСТІК.... Error! Bookmark not defined.
10-бап. Келісім және шығыстарды бөлу....**Error! Bookmark not defined.**
11-бап. Жарнамалық материалдарға қойылатын техникалық талаптар....**Error! Bookmark not defined.**
12-бап. Ойын формасы....**Error! Bookmark not defined.**
13-бап. Мемлекеттік рәміздер және рәсімдер....**Error! Bookmark not defined.**
14-бап. Медиакуб, табло және дыбыс....**Error! Bookmark not defined.**
15-бап. Жарнамалық үзілістер....**Error! Bookmark not defined.**
4-ТАРАУ. ТРАНСЛЯЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР.... Error! Bookmark not defined.
16-бап. Трансляциялар кезіндегі Клубтардың міндеттері....**Error! Bookmark not defined.**
5-ТАРАУ. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР.... Error! Bookmark not defined.
17-бап. Клубтың баспасөз қызметі....**Error! Bookmark not defined.**
18-бап. Баспасөз конференциялары және сұхбаттар....**Error! Bookmark not defined.**
19-бап. Жария мәлімдемелерге қойылатын талаптар....**Error! Bookmark not defined.**
20-бап. Матчтар туралы материалдар....**Error! Bookmark not defined.**
21-бап. БАҚ-ты аккредиттеу....**Error! Bookmark not defined.**
22-бап. Клубтың ресми интернет-ресурстары....**Error! Bookmark not defined.**
23-бап. Жекелеген санаттардың жарнамасы....**Error! Bookmark not defined.**
24-бап. Дербес деректер және бейнелер....**Error! Bookmark not defined.**
6-ТАРАУ. КӨРЕРМЕНДЕРМЕН ЖҰМЫС.... Error! Bookmark not defined.
25-бап. Билет бағдарламасы....**Error! Bookmark not defined.**
26-бап. Көрермендерге арналған Матчты ұйымдастыру....**Error! Bookmark not defined.**
7-ТАРАУ. ЖАУАПКЕРШІЛІК.... Error! Bookmark not defined.
27-бап. Жауапкершілік шаралары....**Error! Bookmark not defined.**
28-бап. Жауапкершілік шараларын қолдану тәртібі....**Error! Bookmark not defined.**
29-бап. Бұзушылықтарды тіркеу және жауапкершілік шараларын қолдану тәртібі....**Error! Bookmark not defined.**
30-бап. Қарсылықтарды қарау....**Error! Bookmark not defined.**
8-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.... Error! Bookmark not defined.
31-бап. Қолданысқа енгізілуі және өзгерістер енгізу....**Error! Bookmark not defined.**
32-бап. Өтпелі ережелер....**Error! Bookmark not defined.**
ЖАРНАМАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ БӨЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (НЫСАН.... Error! Bookmark not defined.
МҰЗ БЕТІНДЕ, БОРТТАРДА ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫШ ӘЙНЕКТЕРДЕ ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПЛАНОГРАММАСЫ....18
ОЙЫН ФОРМАСЫ МЕН ДУЛЫҒАЛАРДА ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПЛАНОГРАММАСЫ....19
БАСПАСӨЗ ҚАБЫРҒАСЫН, АРАЛАС АЙМАҚТЫ ЖӘНЕ ФЛЕШ-СҰХБАТ АЙМАҒЫН РӘСІМДЕУ СХЕМАСЫ....19
МҰЗ ТАЗАЛАЙТЫН МАШИНАДА ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАСЫ....21
ЖАЛАУШАЛАР МЕН АРЕНАНЫ БЕЗЕНДІРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАСЫ.... Error! Bookmark not defined.
БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН САНКЦИЯЛАР ТІЗБЕСІ....23
БАҚ ӨКІЛДЕРІН АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ.... Error! Bookmark not defined.
КЛУБТАРДЫҢ ФОТОМАТЕРИАЛДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.... Error! Bookmark not defined.
МАРКЕТИНГ РЕГЛАМЕНТІМЕН ТАНЫСҚАНЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ....29

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Құқықтық негізі және қолданылу аясы

1.1. Осы Маркетинг регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚХФ Жарғысына, ҚХФ өткізетін жарыстардың ережелеріне (регламенттеріне) сәйкес және Халықаралық хоккей федерациясының (IIHF) қолданыстағы қағидалары мен талаптары ескеріле отырып әзірленген «Қазақстанның хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Осы Регламент ҚХФ-ның ішкі құжаты болып табылады және Жарыстарға қатысуына және Қатысу шартына байланысты Клубтар үшін міндетті болып табылады. Регламент тиісті Жарыстардың ережелерімен (регламенттерімен) өзара байланыста қолданылады. Матчты тікелей өткізу тәртібі тиісті Жарыстың регламентімен айқындалады.

1.3. Осы Регламент Матч өткізуге байланысты маркетинг, коммерциялық және трансляциялық құқықтар, коммуникациялар және көрермендермен жұмыс істеу салаларындағы талаптарды белгілейді. Атап айтқанда, Регламент мыналарды айқындайды: коммерциялық, жарнамалық және трансляциялық құқықтарды іске асыру тәртібін; бұқаралық ақпарат құралдарымен және көрермендермен жұмыс істеуге қойылатын талаптарды; Регламент талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті.

1.4. Егер тиісті Жарыстың ережесінде (регламентінде) өзгеше тікелей белгіленбесе, Регламент ҚХФ ұйымдастыратын және (немесе) өткізетін барлық жарыстар мен іс-шараларға қолданылады (бұдан әрі – Жарыстар).

1.5. Регламент талаптары және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары барлық Клубтарға бірдей негіздерде қолданылады.

1.6. Егер тиісті Жарыстың ережесінде (регламентінде) өзгеше тікелей көзделмесе, Регламент балалар-жасөспірімдер Жарыстарына қолданылмайды.

2-бап. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Регламентте мынадай терминдер пайдаланылады:

ҚХФ – «шайбалы хоккей» спорт түрі бойынша ұлттық аккредиттелген спорт федерациясы болып табылатын «Қазақстан хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі;

Клуб – ҚХФ-мен жасалған шарт негізінде Жарысқа қатысуға жіберілген командасы бар заңды тұлға (бұдан әрі – Қатысу шарты);

«Қожайын»-Клуб – өзі мәлімдеген Спорттық құрылыста «үйдегі» Матчты өткізетін Клуб;

Матч – Жарыстың ресми ойыны;

Спорттық құрылыс (Арена) – Клуб «үйдегі» Матчтарды өткізу үшін мәлімдеген мұз аренасы;

ҚХФ демеушілері – ҚХФ және (немесе) Жарыстар демеушілеріне, әріптестеріне, жарнама берушілеріне және лицензиаттарына ҚХФ ресми мәртебе берген тұлғалар;

Клуб демеушілері – Клубтың демеушілері, әріптестері және жарнама берушілері;

Резервтелген санаттар (Стоп-парақ) – ҚХФ ҚХФ демеушілеріне эксклюзивті құқық беретін тауар санаттары мен қызмет түрлері;

Келісім – Жарнамалық кеңістікті бөлу туралы келісім (1-қосымша);

Коммерциялық құқықтар – Жарыстардың атаулары мен символикасын пайдалану, Матчтар өткізілетін орындарда жарнама орналастыру, демеушілер мәртебесін беру, өнімдерді лицензиялау құқықтары, сондай-ақ Жарыстарды ұйымдастырушы мәртебесіне байланысты өзге де құқықтар;

Трансляциялық құқықтар – Матчтарды кез келген тәсілдермен және кез келген технологияларды пайдалана отырып, бейнені және (немесе) дыбысты трансляциялау арқылы жариялау, трансляцияларды жазу, Матчтарды фото- және бейнетүсірілімге түсіру құқықтары;

ҚХФ-ның уәкілетті органы – ҚХФ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес тиісті қарсылықтар мен даулы мәселелерді қарау құзыретіне жататын ҚХФ органы немесе комиссиясы;

Техникалық әріптес – ҚХФ-ның тапсырмасы бойынша Матчтар трансляцияларын өндіруді қамтамасыз ететін ұйым;

АЕК – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

3-бап. Регламенттің міндеттілігі

3.1. Регламент ҚХФ мен Клубтар үшін міндетті болып табылады. Клуб өз лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, хоккейшілері мен жаттықтырушыларының Жарыстарға қатысуына қатысты бөлігінде Регламент талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.2. Клуб Регламентпен танысқанын және онда белгіленген міндеттер мен жауапкершілік шараларын қабылдағанын Қатысу шартына және (немесе) осы Регламенттің № 5 қосымшасына қол қою арқылы растайды. Регламент Қатысу шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

3.3. Регламентте көзделген жағдайларда Клуб Жарыстарға қатысуына байланысты өз лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, хоккейшілері мен жаттықтырушыларының Регламентті бұзғаны үшін ҚХФ алдында жауапты болады.

3.4. Қатысу шарты мен осы Регламент өзара байланыста қолданылады. Осы Регламентте тікелей реттелген мәселелер бойынша, егер Қатысу шартында немесе тиісті Жарыстың арнайы регламентінде (ережесінде) өзгеше тікелей белгіленбесе, Регламенттің ережелері қолданылады.

4-бап. Қағидаттар

4.1. ҚХФ мен Клубтар Регламентті іске асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Жарыстар брендінің біртұтастығын сақтау және ҚХФ демеушілерінің құқықтарын қорғау;

2) Клубтардың коммерциялық әлеуетін дамыту және жарнамалық ресурстардың елеулі бөлігін олардың иелігінде сақтау;

3) заңдылық, ашықтық және талаптардың болжамдылығы (маусым ішінде талаптарға өзгерістер Регламенттің 31-бабында көзделген тәртіппен енгізіледі);

4) жауапкершілік шараларының бұзушылықтың ауырлығына сай болуы;

5) жарнамалық безендіруді өзгертуге байланысты шығыстарды осындай өзгеріске бастамашы болған тарап көтереді.

2-ТАРАУ. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

5-бап. ҚХФ құқықтары

5.1. ҚХФ Жарыстарды ұйымдастырушы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚХФ Жарғысына, ұйымдастырушы мәртебесіне, Жарыстардың ережелеріне (регламенттеріне) және жасалған шарттарға сәйкес өзіне тиесілі көлемде Жарыстарға қатысты коммерциялық, жарнамалық, маркетингтік, медиа және трансляциялық құқықтарды жүзеге асырады және осындай құқықтарды үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара беруге құқылы.

5.2. ҚХФ:

1) ҚХФ демеушілерін тартуға, оларға мәртебелер (Бас демеуші, титулдық демеуші, ресми демеуші, техникалық демеуші немесе әріптес, жеткізуші, лицензиат) беруге және олардың Жарыстардың жарнамалық кеңістігінде қатысу көлемін айқындауға;

2) Регламенттің 7-бабында көзделген тәртіппен Резервтелген санаттарды белгілеуге;

3) Келісімге сәйкес ҚХФ-ға бекітілген жарнамалық кеңістікті пайдалануға, сондай-ақ Регламенттің 9-бабына сәйкес Спорттық құрылыстарда промо және өзге де іс-шаралар өткізуге;

4) ҚХФ демеушілерінің қатысуына қатысты бөлігінде Матчтардың ашылу және жабылу рәсімдерін, жүлделерді табыстау тәртібі мен мазмұнын бекітуге;

5) Жарыстарды ұйымдастыру, жариялау, ілгерілету және танымал ету мақсатында Клубтардың атауларын, логотиптері мен символикасын, сондай-ақ клубтық экипировкадағы хоккейшілер мен жаттықтырушылардың бейнелерін пайдалануға құқылы. Клуб мұндай пайдалану үшін қажетті құқықтар мен келісімдердің болуын қамтамасыз етеді. Жекелеген хоккейшінің немесе жаттықтырушының бейнесін ҚХФ демеушісінің коммерциялық жарнамасының дербес негізгі объектісі ретінде пайдалану үшін жеке құқықтық негіз және Клубпен алдын ала келісу қажет;

6) Регламенттің орындалуын өзінің уәкілетті өкілдері мен құрылымдық бөлімшелері арқылы бақылауға;

7) Регламенттің 7-тарағында көзделген тәртіппен Клубтарға жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы.

6-бап. ҚХФ міндеттері

6.1. ҚХФ:

1) жыл сайын 1 шілдеден кешіктірмей Клубтарға келесі маусымға арналған техникалық талаптардағы өзгерістер туралы хабарлама жіберуге;

2) маусымның алғашқы Матчына дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Клубтарға Стоп-парақ пен ҚХФ демеушілерінің эксклюзивтілік шарттарын жіберуге;

3) жыл сайын 1 шілдеден кешіктірмей Клубтарға Жарыстардың брендбукін, графикалық безендіру үлгілерін, баспасөз қабырғаларының векторлық макеттерін, ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарын, сондай-ақ осы Регламентте көзделген жарнамалық материалдарды орналастырудың жоспар-схемалары мен схемалар жиынтығын ұсынуға;

4) мұзға, борттарға, қорғаныш әйнектеріне, ойын формасына, дулығаларға орналастыруға арналған ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарын, сондай-ақ аудио- және бейнероликтерді өз есебінен дайындауға және Клубтарға беруге;

5) Клубтардың ҚХФ демеушілерін, тауар санаттарын, орналастыру орындарын, макеттері мен эскиздерін келісу туралы өтініштерін 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарауға міндеттенеді. Келісу ҚХФ-ның Клубқа жазбаша растауы жіберілген күннен бастап берілген болып есептеледі;

6) іс-шараларды өткізу, хоккейшілердің қатысуы және алаңдарды ұсыну туралы сұрауларды Регламентте белгіленген мерзімдерден кешіктірмей жіберуге;

7) ҚХФ бастамасымен туындаған шығыстарды Регламенттің 10-бабына сәйкес көтеруге;

8) келісу рәсіміне байланысты ҚХФ-ға белгілі болған Клубтардың шарттарындағы коммерциялық талаптар туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7-бап. Резервтелген санаттар

7.1. Стоп-парақ тауар санаттарының жабық тізбесін қамтиды және Регламенттің 6-бабында көрсетілген мерзімде Клубтарға жіберіледі. Маусым ішінде Стоп-парақты кеңейтуге тек Клубтың келісімімен жол беріледі.

7.2. Клуб ҚХФ-мен келіспей, қызметі Резервтелген санаттарға жататын демеушілермен шарттар жасасуға және олардың жарнамасын Матчтар кезінде Спорттық құрылыста, ойын формасында, билеттерде, абонементтерде, Клубтың ресми сайтында және ресми аккаунттарында орналастыруға құқылы емес.

7.3. Стоп-парақ Клубтың оны алғанға дейін бұрын қолданыста болған Стоп-параққа сәйкес жасалған шарттарына олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін (ұзартусыз) қолданылмайды. Клуб Стоп-парақты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ҚХФ-ға осындай шарттар туралы хабарлайды.

8-бап. Клубтардың коммерциялық саладағы құқықтары мен міндеттері

8.1. Клуб:

1) Резервтелген санаттардан тыс Клуб демеушілерін өз бетінше тартуға және олардың жарнамасын Келісімге сәйкес Клубқа бекітілген жарнамалық кеңістік шегінде орналастыруға;

2) Жарыстардың атаулары мен символикасын Матчтарды өткізуге және анонстауға байланысты пайдалануға, ал өзге мақсаттарда ҚХФ-ның жазбаша келісімімен пайдалануға;

3) басқа Клубтардың атаулары мен логотиптерін ақпараттық мақсаттарда пайдалануға;

4) Клуб символикасы бар өнімдерді өндіруге және сатуға, ал Жарыстар символикасы бар өнімдерді ҚХФ-мен жасалған лицензиялық шарт негізінде өндіруге және сатуға;

5) билеттер мен абонементтердің құнын өз бетінше айқындауға;

6) пайдаланылмайтын Клубтың жарнамалық кеңістігін кірісті жеке шарт талаптарына сәйкес бөле отырып, өткізу үшін ҚХФ-ға беруге;

7) қол қойылған Келісім болған жағдайда Спорттық құрылыста өзінің маркетингтік және BTL-іс-шараларын өткізуге құқылы.

8.2. Клуб:

1) жыл сайын 25 шілдеден кешіктірмей Келісімге қол қойып, оны ҚХФ-ға ұсынуға;

2) жыл сайын 1 тамыздан кешіктірмей ҚХФ-ға Клуб демеушілерінің тізбесін, жарнамалық материалдарын орналастырудың жоспар-схемасын және олардың макеттерін ұсынуға;

3) Клубтың жаңа демеушілерін тарту туралы ҚХФ-ға хабарлауға және олардың тауар санатын, орналастыру орындарын және жарнамалық материалдарының сыртқы түрін орналастыру басталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын ҚХФ-мен келісуге (Регламенттің 7-бабында тікелей көзделген жағдайларда Клуб демеушісін алдын ала келісу талап етіледі);

4) жарнамалық материалдарды орналастыруға және маркетинг мәселелері бойынша ҚХФ-мен өзара іс-қимыл жасауға жауапты қызметкердің болуын қамтамасыз етуге;

5) «үйдегі» Матчтарға байланысты шығарылатын билеттерде, абонементтерде, афишаларда, рұқсаттамаларда және өзге де полиграфиялық өнімдерде Жарыстың логотипін және Жарыстың Бас (титулдық) демеушісінің мәртебесі көрсетілген логотипін орналастыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жарнаманы, сондай-ақ саяси, діни немесе кемсітушілік сипаттағы жарнаманы орналастырмауға; Жарыстарды ұйымдастыру және ілгерілету мақсатында пайдалануға ҚХФ ұсынатын Клуб атауын, логотипін, символикасын және зияткерлік меншіктің өзге де объектілерін пайдалануға заңды негіздердің болуын қамтамасыз етуге міндетті.

9-бап. ҚХФ демеушілерінің іс-шаралары

9.1. ҚХФ-ның Матчқа дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жіберілген сұрауы негізінде «Қожайын»-Клуб ҚХФ демеушілерінің промо және BTL-іс-шараларын өткізу үшін Спорттық құрылыстың алаңдарын (фойе, іргелес аумақ, үзілістер кезіндегі мұз алаңы) өтеусіз ұсынады, сондай-ақ Матчтың үздік ойыншыларына жүлделер табыстау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

9.2. Клуб ойын және жаттығу кестесін, денсаулық жағдайын және өзге де негізді мән-жайларды ескере отырып, ҚХФ-ның Матчқа дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жіберілген сұрауы негізінде ҚХФ демеушілерінің іс-шараларына 3 (үш) хоккейшіден және (немесе) жаттықтырушыдан аспайтын құрамда, айына 2 (екі) реттен жиі емес және ұзақтығы 2 (екі) сағаттан аспайтын мерзімге қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жол жүру, тұру және тамақтану шығыстарын ҚХФ немесе ҚХФ демеушісі көтереді. Кәмелетке толмағандардың қатысуына олардың заңды өкілдерінің қажетті келісімі болған және Қазақстан Республикасының заңнамасы сақталған жағдайда ғана жол беріледі.

9.3. Егер іс-шара қауіпсіздік талаптарына немесе Спорттық құрылысты жалға алу шартының талаптарына қайшы келсе, Клуб оны өткізуден дәлелді түрде бас тартуға құқылы. Бас тарту растайтын құжаттармен бірге ҚХФ-ға жазбаша түрде жіберіледі.

3-ТАРАУ. ЖАРНАМАЛЫҚ КЕҢІСТІК

10-бап. Келісім және шығыстарды бөлу

10.1. ҚХФ мен Клуб арасындағы жарнамалық кеңістікті бөлу Келісіммен (1-қосымша) айқындалады. Келісім бір маусымға жасалады және маусым ішінде тек тараптардың келісімімен өзгертіледі.

10.2. Жарнамалық безендіруді өзгертуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, шығыстарды олардың туындауына бастамашы болған тарап көтереді. Осы тармақтың мақсаттары үшін шығыстарға мыналар жатады:

1) ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарын ҚХФ өз есебінен дайындайды, ал оларды монтаждауды Клуб өз есебінен жүзеге асырады;

2) Клуб демеушілерінің жарнамалық материалдарын Клуб өз есебінен дайындайды және монтаждайды;

3) мұзды қайта құю немесе ҚХФ бастамасы бойынша материалдарды ауыстыру кезінде ҚХФ материалдарын дайындауды, жеткізуді және монтаждауды, сондай-ақ Клубтың зақымдалған материалдарын қалпына келтіруді ҚХФ өз есебінен жүзеге асырады;

4) мұзды қайта құю немесе Клубтың бастамасы бойынша материалдарды ауыстыру кезінде шығыстарды Клуб көтереді;

5) ҚХФ материалдары қалыпты тозу салдарынан зақымдалған жағдайда, ҚХФ оларды ауыстыруға арналған материалдарды ұсынады, ал Клуб монтаждауды жүзеге асырады;

6) «үйдегі» Матч маусым басталғанға дейін мәлімделмеген Спорттық құрылысқа ауыстырылған жағдайда, ҚХФ мен Клубтың жарнамалық материалдарын жеткізуді және монтаждауды Клуб өз есебінен жүзеге асырады.

10.3. Клуб 15 тамыздан кешіктірмей, сондай-ақ ҚХФ-ның сұрауы бойынша жарнамалық материалдар орналастырылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың орналастырылуы туралы фот есеп ұсынады және ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдары зақымдалған немесе жоғалған жағдайда ҚХФ-ға дереу хабарлайды.

10.4. Клуб өзіне бекітілген борттардағы және орталық шайба тастау шеңберіндегі барлық жарнамалық кеңістіктің безендірілуін қамтамасыз етеді. Клуб демеушілері болмаған жағдайда, мұндай кеңістік Клубтың немесе Жарыстың символикасымен не ҚХФ-мен келісілген әлеуметтік жарнамамен безендіріледі.

11-бап. Жарнамалық материалдарға қойылатын техникалық талаптар

11.1. Мұз. Жарнамалық орындардың саны мен орналасуы Келісіммен айқындалады. Жарнамалық материалдар ақ фонда орналастырылады. Егер түрлі түсті төсемдегі логотип құқық иеленушінің брендбугіне сәйкес көзделген жалғыз нұсқа болса, түрлі түсті фонға жол беріледі, бұл ретте ол жарнамалық орын ауданының 60%-ынан аспауға тиіс. Жарнама мұздағы таңбалардың және шайбаның көрінуін нашарлатпауы тиіс. Клуб мұздың ақтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз етеді.

11.2. Борттар. Шегініс (қорғаныш жолағы) – жарнамалық орынның периметрі бойынша 10 см. Фон – ақ түсті; 11.1-тармақтың талаптарына сәйкес және қорғаныш жолағын қоса алғанда, ауданның 40%-ынан аспайтын көлемде түрлі түсті фонға жол беріледі. Клуб борттарының фоны ҚХФ борттары фонының реңкінен ерекшеленбеуге тиіс.

11.3. Борттардағы таңбалау сызықтары. Жарнамалық орынның өлшемі – 30×100 см, шегініс – 5 см, түрлі түсті төсемдерге жол берілмейді.

11.4. Қорғаныш әйнектері. Жапсырмалардың саны мен орналасуы Келісіммен айқындалады; оларды орналастыру телевизиялық камералардың жұмысына кедергі келтірмеуге тиіс.

11.5. Әрбір жарнамалық орынға бір жарнама берушінің логотипі орналастырылады.

11.6. Егер жарнамалық орын өлшемдерінің 5%-дан аспайтын ауытқуы Спорттық құрылыстың конструкциясына байланысты болса және ҚХФ-мен келісілсе, оған жол беріледі.

11.7. Жоспар-схемалар, жарнамалық материалдарды орналастыру схемалары және осы Регламентке арналған өзге де техникалық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады. ҚХФ нақты маусымға арналған макеттерді, бастапқы файлдарды, монтаждау схемаларын және техникалық ерекшеліктерді Регламентке өзгерістер енгізбестен бөлек бекітіп, Клубтарға жібере алады, егер олар Регламент пен Келісімде белгіленген коммерциялық құқықтарды, жарнамалық кеңістікті және тараптардың міндеттерін бөлуді өзгертпесе.

12-бап. Ойын формасы

12.1. Клуб 1 шілдеден кешіктірмей ҚХФ-ға ойын формасының (жейде, шолақ шалбар, гетралар, дулыға) эскиздерін векторлық форматта жібереді. ҚХФ эскиздерді Регламенттің 6-бабында белгіленген мерзімде қарайды.

12.2. Ойын формасындағы орындарды бөлу Келісіммен айқындалады. ҚХФ тиісті жарнамалық материалдарды берген жағдайда, Клуб олардың ойын формасында ҚХФ-ға бекітілген орындарға орналастырылуын қамтамасыз етеді. Жаттығу экипировкасына ҚХФ демеушілерінің жарнамасы тек Клубпен келісілген жағдайда орналастырылады.

12.3. Келісілмеген эскиздер бойынша дайындалған форманы Матчтарда пайдалануға жол берілмейді. Маусым ішінде эскизге өзгерістер енгізу форма пайдаланылғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын келісілуге тиіс.

12.4. Төрешілердің экипировкасы ҚХФ-ның жарнамалық кеңістігі болып табылады.

13-бап. Мемлекеттік рәміздер және рәсімдер

13.1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын пайдалану және Мемлекеттік Әнұранын орындау Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңына және мемлекеттік рәміздерді пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық өзге де актілеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

13.2. «Қожайын»-Клуб Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, ҚХФ туын, Жарыс туын және Клуб туын Қазақстан Республикасының заңнамасында және схемаға (1.5-қосымша) сәйкес белгіленген тәртіппен орналастыруды қамтамасыз етеді. Шетелдік команда қатысқан жағдайда, тиісті мемлекеттің туы да орналастырылады. Басқа тулармен бір мезгілде

орналастырылған кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы өлшемі бойынша олардан кіші болмауға және басқа тулардан төмен орналастырылмауға тиіс.

13.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны Матчтар алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті Жарыстың регламентінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен орындалады. Шетелдік команда қатысқан жағдайда мемлекеттік әнұрандарды орындау тәртібі заңнама талаптары мен хаттамалық тәжірибені ескере отырып, Жарыс регламентімен айқындалады.

13.4. Мемлекеттік Әнұран көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы заңнамасының талаптарын сақтайды: Мемлекеттік Әнұран тік тұрып тыңдалады (орындалады), Қазақстан Республикасының азаматтары оң қолын жүрек тұсына қояды; Мемлекеттік Туды салтанатты түрде көтеру кезінде қатысушылар Туға қарай бұрылады. Клуб осы талаптардың өз хоккейшілері, жаттықтырушылары және ресми тұлғалары тарапынан сақталуын қамтамасыз етеді.

14-бап. Медиакуб, табло және дыбыс

14.1. «Қожайын»-Клуб ҚХФ монтаждау парағына сәйкес Матч басталғанға дейін, әр кезең аяқталғаннан кейін бірден, келесі кезең басталар алдында және Матч аяқталғаннан кейін медиакубта (таблода) және дауыс зорайтқыш жүйесі арқылы ҚХФ демеушілерінің роликтерін көрсетуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте әрбір блоктың жалпы ұзақтығы 210 секундтан аспауға тиіс.

14.2. ҚХФ демеушілерінің роликтері көрсетілген кезде өзге жарнамалық контентті бір мезгілде көрсетуге жол берілмейді.

14.3. Роликтер монтаждау парағы алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей ауыстырылады.

14.4. Бейнетабло болмаған жағдайда роликтер аудиороликтермен алмастырылады, ал дыбыс жүйесі болмаған жағдайда ақпарат беруші төрешінің хабарландыруларымен алмастырылады.

14.5. Клуб Матчтар кезінде музыкалық шығармаларды көпшілік алдында заңды түрде орындауды және фонограммаларды пайдалануды, оның ішінде қажетті рұқсаттарды алуды және, егер мұндай міндеттеме туындаса, құқық иеленушілерге немесе құқықтарды ұжымдық басқару ұйымдарына заңнамада көзделген сыйақыны төлеуді қамтамасыз етеді.

15-бап. Жарнамалық үзілістер

15.1. Жарнамалық үзілістердің саны, уақыты және өткізілу тәртібі тиісті Жарыстың регламентімен белгіленеді.

15.2. «Қожайын»-Клуб жарнамалық үзілісті білдіретін сигнал шамының жарамдылығын және Техникалық әріптеспен (телевизиялық хабар таратушымен) байланыс арнасы бар жарнамалық үйлестірушінің жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

4-ТАРАУ. ТРАНСЛЯЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

16-бап. Трансляциялар кезіндегі Клубтардың міндеттері

16.1. Клуб ҚХФ-ның трансляциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету және ҚХФ-мен келісілмеген трансляцияларға, Матчтарды кәсіби бейнетүсірілімге түсіруге, дыбыс жазуға және Спорттық құрылыстың аумағында сигналды үшінші тұлғаларға беруге жол бермеу үшін қажетті ұйымдастырушылық шараларды қабылдайды.

16.2. «Қожайын»-Клуб Техникалық әріптеске өтеусіз негізде мыналарды ұсынады: камералар мен комментаторларға арналған орындарды, электрмен жабдықтауды, кабельдік инфрақұрылымды, техникалық үй-жайларға қолжетімділікті, жылжымалы телевизиялық станцияны (пайдаланылған жағдайда) қоюға арналған тұрақ орнын, сондай-ақ байланыс арналарының болуын қамтамасыз етеді: негізгі арна – кемінде 100 Мбит/с және резервтік арна – кемінде 50 Мбит/с (кіріс және шығыс трафик).

16.3. Интернетке қосылу жылдамдығын Техникалық әріптес Матч басталғанға дейін 3 (үш) сағаттан кешіктірмей тексеріп, тексеру нәтижелерін тіркейді. Клуб Регламенттің 28.5-тармағында көрсетілген мән-жайлардан туындаған іркілістер үшін, осы бапта көзделген талаптарды Клуб орындаған жағдайда, жауапты болмайды.

16.4. Егер ҚХФ «үйдегі» Матчтың трансляциясын өндіруді қамтамасыз етпесе, Клуб тек ҚХФ-ның алдын ала жазбаша келісімімен ғана ҚХФ-ның техникалық талаптарын сақтай отырып,

трансляцияны өз күшімен жүргізуге және өндірілген сигналға ҚХФ-ның қолжетімділігін қамтамасыз етуге құқылы.

16.5. Клубтың бейнеүзінділерді, Матчтардың шолуларын, сұхбаттар мен баспасөз конференцияларын пайдалануы үшінші тұлғаларға берілген трансляциялық құқықтар ескеріле отырып, ҚХФ белгілеген талаптармен жүзеге асырылады. Егер ҚХФ немесе Трансляциялық құқықтар туралы шартта өзгеше белгіленбесе, Клуб өз Матчтарының ұзақтығы 3 (үш) минутқа дейінгі бейнешолуларын, сондай-ақ сұхбаттар мен баспасөз конференцияларының үзінділерін дереккөзді көрсете отырып, өзінің ресми ресурстарында орналастыруға құқылы.

5-ТАРАУ. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

17-бап. Клубтың баспасөз қызметі

17.1. Клубтың БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасауға, Клубтың ресми ресурстарын жүргізуге және аккредиттеу жөніндегі міндеттерді орындауға жауапты бөлімшесі немесе қызметкері болуға міндетті. Клубтың баспасөз қызметінде баспасөз қызметінің басшысы, фотограф және әлеуметтік желілер жөніндегі маман функциялары қамтамасыз етілуге тиіс; функцияларды қоса атқаруға жол беріледі.

17.2. «Қожайын»-Клуб баспасөз конференциялары өткізілетін залда баспасөз қабырғасының, ал аралас аймақта және флеш-сұхбат аймағында ҚХФ макеттеріне сәйкес баннерлердің болуын қамтамасыз етеді (алаңды бөлу: 75% – ҚХФ, 25% – Клуб). Баннерлердің жоғарғы жиегі еденнен кемінде 2,5 м биіктікте орналасады.

17.3. Спорттық құрылыста хоккейшілер мен жаттықтырушылардан сұхбат алу ресми баннерлердің фонында жүргізіледі. Кадрда хоккейшілер өз Клубының символикасы бар ойын формасында немесе экипировкасында болуы тиіс; сырт киімге, термоішкиімге және басқа лигалардың символикасы бар киімге жол берілмейді.

18-бап. Баспасөз конференциялары және сұхбаттар

18.1. Әрбір Матчтан кейін «Қожайын»-Клуб Жарыс регламентінде белгіленген мерзімде екі команданың бас жаттықтырушыларының қатысуымен баспасөз конференциясын өткізеді, сондай-ақ әр команданың кемінде екі хоккейшісінің аралас аймақта БАҚ өкілдерімен сұхбаттасуын қамтамасыз етеді.

18.2. Аккредиттелген БАҚ өкілдері болмаған жағдайда, «Қожайын»-Клубтың баспасөз қызметі аралас аймақта бас жаттықтырушылардың пікірлерін жазып алады.

18.3. «Қожайын»-Клуб баспасөз конференциялары өткізілетін залда қатысушылардың аты-жөні жазылған тақтайшалар мен ауыз судың болуын қамтамасыз етеді; ҚХФ демеушілерінің материалдарын үстелге ҚХФ өз күшімен орналастырады.

18.4. Бас жаттықтырушы Матчқа қатысты пікір білдіреді және кәсіби әдеп нормаларын сақтай отырып, БАҚ сұрақтарына жауап береді. Бас жаттықтырушы Матчқа немесе өз командасына қатысы жоқ не арандатушылық сипаттағы сұраққа сыпайы түрде жауап беруден бас тартуға құқылы.

18.5. Бас жаттықтырушы қазақ немесе орыс тілдерін меңгермеген Клуб аудармашының болуын қамтамасыз етеді.

19-бап. Жария мәлімдемелерге қойылатын талаптар

19.1. Клубқа, оның лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, хоккейшілері мен жаттықтырушыларына көпшілік алдында, оның ішінде БАҚ-та және Интернет желісінде:

1) Жарысқа қатысушылардың, төрешілердің, ҚХФ-ның, ҚХФ демеушілерінің және көрермендердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын сөздер айтуға, әдепсіз сөздерді қолдануға және оларды кемсітетін мәлімдемелер жасауға;

2) аталған тұлғалардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған мәліметтерді таратуға;

3) кемсітушілік белгілері бар мәлімдемелер жасауға, зорлық-зомбылыққа немесе тәртіпсіздіктерге шақыруға;

4) Жарыстың ережесінде (регламентінде) белгіленген шағым беру тәртібінен тыс төрешілерді біржақтылыққа, парақорлыққа немесе келісілген әрекеттерге жария түрде айыптауға тыйым салынады.

19.2. 19.1-тармақта көрсетілген белгілерді қамтымайтын ойын эпизодтарына, оның ішінде төрешілердің шешімдеріне қатысты кәсіби әрі әдепті баға беру бұзушылық болып табылмайды.

19.3. Лауазымды тұлғалардың, қызметкерлердің, хоккейшілер мен жаттықтырушылардың жеке аккаунттарындағы жария мәлімдемелер Клубтың жауапкершілігін анықтау мақсатында тек олар Жарыстарға тікелей қатысты болған, ресми функциясына немесе мәртебесіне байланысты жасалған және Регламенттің 19.1-тармағында көзделген белгілерді қамтыған жағдайда ғана ескеріледі.

20-бап. Матчтар туралы материалдар

20.1. «Қожайын»-Клуб әрбір «үйдегі» Матчтың фототүсірілімін жүргізуді және фотосуреттерді ҚХФ-ның бұлттық қоймасына жүктеуді қамтамасыз етеді:

1) өңделген кемінде 10 фотосурет – үшінші кезең аяқталғанға дейін;

2) кемінде 40 фотосурет – Матч аяқталғаннан кейін 15 сағаттан кешіктірмей.

Фот есепте екі команданың хоккейшілері бейнеленген фотосуреттер болуы тиіс (олардың кемінде 40%-ы қонақ команданың хоккейшілеріне тиесілі болуы қажет).

20.2. «Қожайын»-Клуб баспасөз конференциясы аяқталғаннан кейін 3 (үш) сағаттан кешіктірмей ҚХФ мен қонақ Клубқа баспасөз конференциясының бейнежазбасын, аралас аймақтағы сұхбаттарды және Матчтың бейнешолуын (ұзақтығы 3 минутқа дейін, ажыратымдылығы кемінде 1920×1080) жібереді. Баспасөз конференциясының мәтіндік транскрипциясы 6 (алты) сағаттан кешіктірілмей жіберіледі.

20.3. Портреттік, командалық және өзге де фотосуреттер 4-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

21-бап. БАҚ-ты аккредиттеу

21.1. Жарыстарға БАҚ өкілдерін аккредиттеуді ҚХФ 3-қосымшадағы Аккредиттеу туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. ҚХФ берген аккредиттеу тиісті аккредиттеу санаты үшін көзделген БАҚ жұмысына арналған аймақтарға Спорттық құрылыстың қауіпсіздік режимін, сыйымдылығын және техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып кіру құқығын береді.

21.2. Клубтың баспасөз қызметі БАҚ өтінімдерін қабылдайды және оларды ҚХФ-ға 10 тамыздан кешіктірмей, ал маусым ішінде Матчқа дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді.

21.3. Аккредиттеуден бас тартуды және аккредиттеуді кері қайтарып алуды ҚХФ 3-қосымшада көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады. Клуб ҚХФ қабылдаған шешімнің орындалуын Спорттық құрылыстың тиісті аймақтарына кіруді бақылау өкілеттігі шегінде қамтамасыз етеді.

22-бап. Клубтың ресми интернет-ресурстары

22.1. Клубтың ресми сайты және әлеуметтік желілердің кемінде бір ресми аккаунты болуы, онда Матчтардың анонстары, нәтижелері және командалар құрамы тұрақты түрде жарияланып отыруы міндетті. Клубтың жастар, әйелдер және балалар-жасөспірімдер командалары туралы ақпарат Клубтың ресурстарында орналастырылуы мүмкін.

22.2. Матчтардың анонстары мен нәтижелері ҚХФ шаблондарын пайдалана отырып жарияланады. Бұл талап шаблондар ұсынылған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн өткен соң қолданылады.

22.3. ҚХФ Клубтың ресми сайтында ҚХФ демеушілерінің 3 (үш) жарнамалық модулінен аспайтын көлемде орналастыруға құқылы.

22.4. Жарыстарды өткізуге тікелей қатысты Клубтың ресми хабарламалары, оның ішінде Матчтардың анонстары мен нәтижелері Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасын сақтай отырып, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Клубтың ресми ресурстарында жарнама орналастыру Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

22.5. Клубтың ресми интернет-ресурстары мен аккаунттарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын орналастыруға жол берілмейді.

23-бап. Жекелеген санаттардың жарнамасы

23.1. Спорттық іс-шара өткізу кезінде Спорттық құрылыстың ішінде букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың жарнамасына тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы лицензиясы бар тұлғаларға қатысты және Қазақстан Республикасының жарнама және ойын бизнесі туралы заңнамасында рұқсат етілген мазмұнда, көлемде, орында және нысанда ғана жол беріледі. Кәмелетке толмағандар қатысатын Жарыстарда мұндай жарнама, егер оны орналастыру заңнамаға немесе ҚХФ талаптарына қайшы келсе, рұқсат етілмейді.

23.2. Алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының, қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың, оларды тұтынуға арналған жүйелердің, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңнамасында жарнамалауға тыйым салынған немесе шектелген өзге де тауарлар мен қызметтердің жарнамасына жол берілмейді.

23.3. Кәмелетке толмағандар қатысатын Жарыстарда кәмелетке толмағандарға бағытталған және балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы заңнаманың талаптарын бұзатын жарнамаға жол берілмейді.

23.4. Клуб демеушілерінің жарнамасының заңнамаға сәйкестігі үшін Клуб, ал ҚХФ демеушілерінің жарнамасы үшін ҚХФ жауапты болады.

24-бап. Дербес деректер және бейнелер

24.1. Клуб Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтық негіздердің болуын және қажет болған жағдайда хоккейшілердің, жаттықтырушылар мен қызметкерлердің (кәмелетке толмағандарға қатысты – олардың заңды өкілдерінің) дербес деректерді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ Жарыстарды ұйымдастыру, жариялау, ілгерілету және танымал ету мақсатында ҚХФ-ның олардың бейнелерін пайдалануына қажетті келісімдердің болуын қамтамасыз етеді. ҚХФ демеушісінің жекелеген тұлғаның бейнесін дербес коммерциялық жарнаманың негізгі объектісі ретінде пайдалануына жеке тиісті құқықтық негіз және қажетті келісімдер болған жағдайда жол беріледі.

24.2. БАҚ өкілдерінің, көрермендердің және өзге де тұлғалардың дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау заңнамада көзделген құқықтық негіз болған жағдайда және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын, оның ішінде дербес деректер базаларын сақтау орнына қойылатын талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

6-ТАРАУ. КӨРЕРМЕНДЕРМЕН ЖҰМЫС

25-бап. Билет бағдарламасы

25.1. Клуб билеттер мен абонементтердің бағасын өз бетінше айқындайды және Жарыс басталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын ҚХФ-ға билет бағдарламасы туралы (секторлар бойынша бағалар, сату арналары, жеңілдіктер) ақпарат береді.

25.2. «Қожайын»-Клуб мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ҚХФ демеушілеріне әрбір Матчқа маусым басталғанға дейін келісілген секторларда кемінде 15 (он бес) билетті тегін ұсынуды;

2) Матчқа дейін кемінде 48 сағат бұрын берілген өтінім бойынша қонақ Клубқа 30 (отыз) билетті тегін ұсынуды;

3) қонақ Клубтың жанкүйерлеріне Матчқа дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын берілген өтінім бойынша 50 (елу) билетке дейін басымдықпен сатып алу құқығын беруді, бұл ретте төлем Матчқа дейін кемінде 24 сағат бұрын жүргізілуге тиіс.

25.3. Клуб көрермендерді Спорттық құрылыстағы тәртіп қағидаларымен таныстырады.

26-бап. Көрермендерге арналған Матчты ұйымдастыру

26.1. «Қожайын»-Клуб музыкалық сүйемелдеуді және үзілістер кезінде ойын-сауық бағдарламасын, оның ішінде ҚХФ демеушілерінің белсенділіктерін интеграциялау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде спорттық құрылыстарда алкоголь өнімдерін өткізуге тыйым салуды сақтай отырып, атрибутика мен тамақ өнімдерінің саудасын ұйымдастырады.

26.2. «Қожайын»-Клуб ішкі істер органдарымен және Спорттық құрылыстың операторымен өзара іс-қимыл жасай отырып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін заңнамада көзделген және негізді түрде қажетті шараларды қабылдайды. Бұл шараларға кіруді бақылау, мас күйдегі адамдарды және тыйым салынған заттары бар адамдарды кіргізбеу, сондай-ақ көрермендердің тәртіп қағидаларын бұзу әрекеттерінің жолын кесу кіреді.

26.3. «Қожайын»-Клуб таблоны, аудиожүйені және Спорттық құрылыстың өзге де ресурстарын қорлайтын немесе жалған ақпаратты, сондай-ақ Матч нәтижесі үшін командалардың біріне қосымша сыйақы берілетіні туралы мәліметтерді тарату мақсатында пайдалануға жол бермейді.

26.4. Осы баптың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану Клубты және өзге де тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершіліктен босатпайды. Бұзушылықты саралау және жауапкершілік шарасын айқындау кезінде Клубтың нақты

бақылау мүмкіндіктерінің шектері, қабылдаған қауіпсіздік шаралары, сондай-ақ оның әрекеті (әрекетсіздігі) мен бұзушылықтың салдары арасындағы себеп-салдарлық байланыс ескеріледі.

7-ТАРАУ. ЖАУАПКЕРШІЛІК

27-бап. Жауапкершілік шаралары

27.1. Осы Регламенттің талаптарын бұзғаны үшін бұзушылықтың сипаты мен мән-жайларына қарай Клубқа мынадай жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) айыппұл;

3) Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде (2-қосымша) көзделген жағдайларда мәлімделген Спорттық құрылыста «үйдегі» Матчтарды өткізу құқығын шектеу.

27.2. Қолданылған жауапкершілік шарасына қарамастан, ҚХФ Клубтан бұзушылықты белгіленген мерзімде жоюды талап етуге құқылы. Бұзушылықты жою туралы талап дербес жауапкершілік шарасы болып табылмайды.

27.3. Айыппұл мөлшері бұзушылық жасалған күні қолданыста болған АЕК-пен айқындалады және Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесіне (2-қосымша) сәйкес есептеледі.

27.4. Айыппұлды төлеу Клубты бұзушылықты жою міндетінен босатпайды.

28-бап. Жауапкершілік шараларын қолдану тәртібі

28.1. Жауапкершілік шарасы анықталған әрбір бұзушылық үшін қолданылады. Егер бірдей әрекеттерде (әрекетсіздікте) Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде көзделген бірнеше бұзушылықтың белгілері бір мезгілде болса, тиісті бұзушылықтар дербес құқық бұзушылық құрамдарын құрмайтын жағдайда, олардың ішіндегі неғұрлым елеулісі үшін жауапкершілік шарасы қолданылады.

28.2. Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде бірінші бұзушылық үшін ескерту көзделген жағдайларда, Клубқа бір мезгілде бұзушылықты жою мерзімі белгіленеді. Бұзушылықты белгіленген мерзімде жоймау немесе тиісті бұзушылықты қайталап жасау Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде белгіленген мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

28.3. Қайталап жасалған бұзушылық деп Клубтың алдыңғы бұзушылық үшін жауапкершілік шарасын қолдану туралы хабарламаны алғаннан кейін бір маусым ішінде жасаған біртекті бұзушылығы танылады.

28.3.1. Қайталанған бұзушылық үшін Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде белгіленген айыппұлдың базалық мөлшері 1,5 есеге ұлғайтылады, ал сол маусым ішінде үшінші және әрбір келесі біртекті бұзушылық үшін 2 есеге ұлғайтылады, бірақ Регламенттің 28.6-тармағында белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс.

28.3.2. Егер бірінші бұзушылық үшін ескерту көзделсе, ұлғайтылған айыппұл (28.3.1-тармақ) осындай үшінші бұзушылықтан бастап қолданылады.

28.4. Бұзушылықтың сипатын, оның салдарын және Клубтың бұзушылықты жою жөніндегі әрекеттерін ескере отырып, ҚХФ айыппұл мөлшерін Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде белгіленген мөлшердің 50 пайызынан аспайтын шекте азайта алады.

28.5. Егер бұзушылық еңсерілмейтін күш мән-жайларының, ҚХФ-ның, Техникалық әріптестің немесе мемлекеттік органдардың әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) тікелей салдары болса және Клуб бұзушылықтың алдын алуға өзінің қолындағы ақылға қонымды әрі қолжетімді шаралармен мүмкіндігі болмаса, жауапкершілік шаралары қолданылмайды.

28.6. Регламенттің 28.3.1-тармағында көзделген ұлғайтуды ескере отырып, бір бұзушылық үшін салынатын айыппұл мөлшері 800 АЕК-тен аспауға тиіс, бұған Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде айыппұлдың өзге мөлшері тікелей белгіленген жағдайлар кірмейді.

28.7. Егер бір бұзушылық үшін жауапкершілік осы Регламентте және ҚХФ-ның өзге регламенттерінде (ережелерінде) көзделсе, тиісті бұзушылықты реттейтін арнайы нормаға сәйкес бір ғана жауапкершілік шарасы қолданылады.

28.8. Қатысу шартының ережелері осы Регламентпен өзара байланыста қолданылады және сол бір бұзушылық үшін жауапкершілік шарасын қайталап қолдануға дербес негіз болып табылмайды.

29-бап. Бұзушылықтарды тіркеу және жауапкершілік шараларын қолдану тәртібі

29.1. Осы Регламент талаптарының бұзылғаны анықталған кезде ҚХФ-ның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі, органы немесе қызметкері бұзушылықтың мән-жайларын қолда бар фото- және бейнематериалдар, құжаттар, трансляция материалдары, ресми интернет-ресурстардағы

мәліметтер және өзге де растайтын материалдар негізінде тіркейді. Егер бұзушылықтың мән-жайлары көрсетілген материалдармен расталса, бұзушылықты тіркеу үшін жеке акт жасалмауы мүмкін.

29.2. Бұзушылық фактісі анықталғаннан кейін ҚХФ Клубқа жауапкершілік шарасын қолдану туралы жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада мыналар көрсетіледі: бұзушылықтың мән-жайлары; бұзылған Регламент нормасы; қолданылған жауапкершілік шарасы; айыппұл мөлшері (егер айыппұл қолданылса); орындау мерзімі мен тәртібі; қарсылық білдіру тәртібі.

29.3. Хабарлама Клубқа Қатысу шартында немесе танысқаны туралы келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына бұзушылық анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Клуб Регламенттің 30-бабында көзделген тәртіппен қарсылық білдіруге құқылы.

29.4. Айыппұлды Клуб жауапкершілік шарасын қолдану туралы хабарламаны алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ҚХФ-ның банктік деректемелері бойынша төлеуге тиіс. Регламенттің 30-бабында белгіленген мерзімде қарсылық беру айыппұл төлеу мерзімінің өтуін қарсылықты қарау нәтижелері бойынша шешім Клубқа жіберілгенге дейін тоқтата тұрады.

29.5. Регламенттің 29.4-тармағында белгіленген мерзімде айыппұлды төлемеу осы Регламентті дербес бұзу болып табылады және Бұзушылықтар мен санкциялар тізбесінде көзделген жауапкершілік шарасын қолдануға әкеп соғады.

30-бап. Қарсылықтарды қарау

30.1. Клуб жауапкершілік шарасын қолдану туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұзушылық фактісіне, оны саралауға, қолданылған жауапкершілік шарасына немесе айыппұл мөлшеріне қатысты ҚХФ-ға жазбаша қарсылық беруге құқылы.

30.2. Клубтың қарсылықтарын ҚХФ-ның уәкілетті органы өз құзыретіне сәйкес қарайды. Жауапкершілік шарасын қолдану туралы хабарламаны тікелей дайындаған тұлға сол хабарламаға берілген қарсылық бойынша жеке-дара шешім қабылдамайды.

30.3. Қарсылықтар ҚХФ оларды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады. Қарау нәтижелері бойынша қолданылған жауапкершілік шарасы өзгеріссіз қалдырылуы, өзгертілуі немесе күшін жоюы мүмкін.

30.4. Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім Клубқа ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша түрде жіберіледі. Егер айыппұл толық немесе ішінара күшінде қалдырылса, оны төлеу мерзімі Клубтың осы шешімді алған күнінен бастап есептеледі.

8-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

31-бап. Қолданысқа енгізілуі және өзгерістер енгізу

31.1. Осы Регламент, егер оны бекіту туралы шешімде өзге мерзім белгіленбесе, бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және оның күші жойылғанға дейін немесе жаңа редакциясы бекітілгенге дейін қолданылады.

31.2. Регламент және оған енгізілген өзгерістер ҚХФ тарапынан Клубтардың назарына электрондық пошта арқылы жіберу және (немесе) ҚХФ-ның ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы жеткізіледі.

31.3. Клубтар үшін жаңа міндеттер белгілейтін немесе жарнамалық безендіруге және өзге де ұйымдастырушылық талаптарға қойылатын талаптарды өзгертетін кезекті маусымға арналған Регламентке енгізілетін өзгерістер тиісті маусым басталғанға дейін алдын ала Клубтардың назарына жеткізіледі.

31.4. Маусым ішінде Регламентке Қазақстан Республикасының заңнамасы, IIHF-тің міндетті талаптары, мемлекеттік органдардың шешімдері, қауіпсіздік талаптары, Жарыстарды өткізу шарттары, ҚХФ-ның трансляция жасаушылар мен ҚХФ демеушілері алдындағы шарттық міндеттемелері өзгерген жағдайда, сондай-ақ Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін өзгертуді талап ететін өзге де объективті мән-жайлар туындаған кезде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

31.5. Жаңа бұзушылықтарды немесе жаңа жауапкершілік шараларын белгілейтін не айыппұл мөлшерін ұлғайтатын өзгерістер тиісті өзгерістер күшіне енгеннен және Клубтың назарына жеткізілгеннен кейін жасалған бұзушылықтарға ғана қолданылады.

31.6. Осы Регламентті қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелерді ҚХФ жазбаша түрде береді.

32-бап. Өтпелі ережелер

32.1. Осы Регламент күшіне енгенге дейін ҚХФ Жарыстары шеңберінде маркетингтік, жарнамалық және өзге де қызметті жүзеге асыруға байланысты қатынастар бұрын қолданыста болған Маркетинг, жарнама және PR регламентімен реттеледі.

Осы Регламент күшіне енген күннен бастап оның ережелері көрсетілген күннен кейін туындайтын қатынастарға, сондай-ақ осы Регламентте немесе тиісті шарттарда өзгеше көзделмесе, бұрын жасалған шарттар шеңберінде осы күннен кейін туындайтын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

2026/2027 маусымында осы Регламент күшіне енгенге дейін ұсыну мерзімі өтіп кеткен құжаттар мен мәліметтер, егер олар бұрын ұсынылмаған болса, Регламент күшіне енген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Клубтар тарапынан ұсынылады.

32.2. Осы Регламентте көзделген жауапкершілік шаралары Регламент күшіне енгеннен және ол тиісті Клубтың назарына тиісті түрде жеткізілгеннен кейін жасалған бұзушылықтар үшін ғана қолданылады.

32.3. 2026/2027 маусымындағы Жарыстарға қатысатын Клубтар осы Регламенттің № 5 қосымшасына сәйкес ресімделген Келісімге қол қою арқылы Регламентпен танысқанын растайды.

Келісімге қол қоймау Клубты Регламент талаптарын сақтау міндетінен босатпайды. Клуб Регламенттің және оған енгізілген өзгерістердің ҚХФ-ның ресми интернет-ресурсында жариялануын өз бетінше қадағалауға міндетті. Регламент Клубтың назарына ҚХФ-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылған немесе Клубқа электрондық пошта арқылы жіберілген күннен бастап жеткізілген болып есептеледі, бұл ретте осы оқиғалардың қайсысы бұрын орын алса, сол күн есепке алынады.

32.4. Осы Регламент күшіне енгенге дейін 2026/2027 маусымына жасалған жарнамалық кеңістікті бөлу туралы келісімдер тиісті маусым аяқталғанға дейін қолданысын сақтайды. Мұндай Келісімнің талаптары мен осы Регламент арасында қайшылықтар болған жағдайда, егер тараптар жазбаша түрде өзгеше келіспесе, бұрыннан бөлінген жарнамалық кеңістікті бөлу бөлігінде Келісімнің талаптары қолданылады.

32.5. 2026/2027 маусымына жасалған Қатысу шарттарының мақсаттары үшін «Маркетинг, жарнама және PR регламентіне» жасалған сілтеме осы Маркетинг регламентіне жасалған сілтеме болып есептеледі.

Маркетинг регламентіне
1-қосымша

ЖАРНАМАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ БӨЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (НЫСАН)

_____ қ. 20 ж.«_» _____

«Қазақстанның хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – ҚХФ) Жарғы негізінде әрекет ететін _____ атынан және _____ (бұдан әрі – Клуб) _____ негізінде әрекет ететін _____ атынан төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

1. Келісімнің мәні. Келісім ҚХФ-ның Маркетинг регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес _____ маусымында _____ Спорттық құрылысындағы және Клуб командасының ойын формасындағы жарнамалық кеңістікті бөлуді айқындайды.

2. Хоккейшілердің ойын формасы. Жарнамалық аймақтардың орналасуы 1.2-қосымшаға және осы Келісімнің кестесіне сәйкес айқындалады.

Орын	**ҚХФ**	**Клуб**
Дулыға – алдыңғы бөлігі	12×5 см	-
Дулыға – артқы бөлігі	-	10×6 см
Дулыға – бүйір бөліктері (екі жағы)	-	2х4 см
Свитер – жағасы (Жарыс эмблемасы, биіктігі 35 мм)	Жарыс регламенті бойынша	-
Свитер – кеуденің оң жақ бөлігі	10×3 см	-
Свитер – жеңдері (екеуі де)	12×20 см	-
Свитер – иықтары	-	18×18 см
Свитер – нөмірдің үстіндегі арқа бөлігі	-	10×3 см
Свитер – нөмірдің астындағы арқа бөлігі	40х15 см	-
Свитер – Клуб логотипінің астындағы алдыңғы бөлігі	70×25 см	-
Шорт – алдыңғы жағы	16х16 см-ден 2 орын	-
Шорт – бүйір және артқы жақтары	-	18х18 см-ден 2 орын
Жаттығу экипировкасы	Клубпен келісім бойынша	Қалған аймақ

3. Төрешілердің формасы толығымен ҚХФ-ның жарнамалық кеңістігі болып табылады

4. Мұз беті. Орындар планограммаға (1.1-қосымша) сәйкес бөлінеді: ҚХФ-ға — _____ позициялар; Клубқа — _____ позициялар. Орталық лақтыру шеңбері (А позициясы) Клуб логотипін орналастыру үшін Клубқа бекітіледі

5. Мұз бетіндегі шегіністер: орталық қызыл сызықтан және лақтыру шеңберінен — кемінде 30 см; көк сызықтардан — кемінде 20 см; лақтыру нүктелерінен — кемінде 30 см; қақпа сызығынан және қақпа алаңынан — кемінде 1 м

6. Борттар мен қорғаныш әйнектер. Клубтың квотасы — жарнамалық борттардың кемінде 50%-ы. ҚХФ мен Клубқа тиесілі нақты орындар, оның ішінде телекамералардың көру аймағындағы орындар, Регламенттің 6-бабында белгіленген мерзімдерде ҚХФ жолдайтын планограммада (1.2-қосымша) көрсетіледі

7. Борттардағы таңбалау сызықтары: 6 орын (30×100 см), оның ішінде ҚХФ-ға — ___, Клубқа — ___

8. Өзге де жарнамалық тасымалдағыштар. Баспасөз қабырғаларында, аралас аймақта және флеш-сұхбат аймағында жарнаманы орналастыру 1.4-қосымшаның талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады; мұз тазалайтын машинада жарнаманы орналастыру 1.5-қосымшаның талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады

Тасығыш	**ҚХФ**	**Клуб**
Периметр бойындағы қорғаныш әйнектер	кемінде 25 жапсырма	кемінде 15 жапсырма
Қосалқы ойыншылар орындықтарының әйнектері	4 жапсырма	4 жапсырма
Айып орындығының әйнектері	3 жапсырма	3 жапсырма
Мұз тазалайтын машина	алдыңғы және жоғарғы бөліктері (60×30 см)	бүйір бөліктері (60×30 см)
Баспасөз қабырғалары, аралас аймақтың баннерлері	алаңның 75%-ы	алаңның 25%-ы
Клубтың ресми сайты	3 жарнамалық модульге дейін	Стоп-параққа кірмейтін жарнамаға шектеусіз
Матч бағдарламалары (шығарылған жағдайда)	3 жарнамалық модульге дейін	Стоп-параққа кірмейтін жарнамаға шектеусіз
Медиакуб, табло, дыбыс күшейту жүйесі	Регламенттің 14-бабына сәйкес блоктар	қалған уақыт

9. Клуб пайдаланбайтын жарнамалық кеңістік ҚХФ-ға табысты бөлу тәртібі көзделген жеке шарт негізінде өткізу үшін берілуі мүмкін: Клубқа — ___%, ҚХФ-ға — ___%

10. Жалаушаларды орналастыру схемасы – 1.5-қосымша


11. Келісім тиісті маусым аяқталғанға дейін қолданылады. Егер заңнаманың немесе IIHF-тің міндетті талаптарына байланысты Регламентте өзгеше тікелей көзделмесе, жарнамалық кеңістікті бөлуге енгізілетін өзгерістер ҚХФ мен Клубтың келісімі бойынша жазбаша түрде ресімделеді

12. Осы Келісім Регламентпен өзара байланыста қолданылады және Регламентке 5-қосымшада көзделген Регламентпен танысқаны туралы келісімді алмастырмайды

ҚХФ:	Клуб:
Бас директор	Басшы
_____ / _____ /	_____ / _____ /
М.О.	М.О. (болған жағдайда)

Маркетинг регламентіне
1.1-қосымша


МҰЗ БЕТІНДЕ, БОРТТАРДА ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫШ ӘЙНЕКТЕРДЕ ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПЛАНОГРАММАСЫ



Схемада мұз бетіндегі жарнамалық аймақтар мен борттардағы жарнамалық орындар бір мезгілде белгіленген.

Маркетинг регламентіне
1.3-қосымша

ОЙЫН ФОРМАСЫ МЕН ДУЛЫҒАЛАРДА ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ ПЛАНОГРАММАСЫ



Маркетинг регламентіне
1.4-қосымша

БАСПАСӨЗ ҚАБЫРҒАСЫН, АРАЛАС АЙМАҚТЫ ЖӘНЕ ФЛЕШ-СҰХБАТ АЙМАҒЫН РӘСІМДЕУ СХЕМАСЫ





Маркетинг регламентіне
1.5-қосымша

МҰЗ ТАЗАЛАЙТЫН МАШИНАДА ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАСЫ



ҚХФ

Клуб

Маркетинг регламентіне
1.6-қосымша

ЖАЛАУШАЛАР МЕН АРЕНАНЫ БЕЗЕНДІРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАСЫ



Маркетинг регламентіне
2-қосымша

БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН САНКЦИЯЛАР ТІЗБЕСІ

Осы Тізбеде көзделген айыппұл мөлшерлері, егер Регламентте өзгеше белгіленбесе, барлық Жарыстарға қолданылады. «Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы» бағанында тиісті бұзушылық алғаш рет жасалған кезде қолданылатын жауапкершілік шарасы көрсетіледі. Бұзушылық белгіленген мерзімде жойылмаған немесе бұзушылық қайталап жасалған жағдайда, жауапкершілік шаралары Регламенттің 28-бабында көзделген тәртіппен қолданылады

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
1	Жарнамалық кеңістікті бөлу туралы келісімді, танысқаны туралы келісімді, Клуб демеушілерінің тізбесін, планограмманы немесе макеттерді белгіленген мерзімде ұсынбау	3.2, 8.2, 32.3	Ескерту	Ескертуде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейінгі әрбір жұмыс күні үшін 10, жалпы сомасы 150-ден аспайды
2	ҚХФ-ның талап етілетін келісімінсіз резервтелген санатта шарт жасасу немесе жарнама орналастыру	7.2	Айыппұл	Орналастыруға жол берілген әрбір Матч үшін 400
3	Клуб демеушісінің жарнамалық материалдарын тауар санатын, орналастыру орнын немесе сыртқы көрінісін Регламентте көзделген тәртіппен келіспей орналастыру	8.2	Ескерту	50
4	ҚХФ тиісті түрде ұсынған жағдайда, ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарын мұз бетіне немесе борттарға орналастырмау	10.2, 11	Айыппұл	Әрбір матч үшін 150
5	ҚХФ тиісті түрде ұсынған жағдайда, ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарын таңбалау сызықтарына, қорғаныш әйнектерге немесе мұз тазалайтын машинаға орналастырмау	10.2, 11	Айыппұл	Әрбір матч үшін 60

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
6	Жарнамалық материалдарға қойылатын техникалық талаптарды (фон, шегіністер, өлшемдер) бұзу, егер бұл жарнаманы қабылдауға және Матчты өткізуге кедергі келтірмесе	11	Ескерту	30
7	Жарнамалық материалдардың тиісті күйде болмауы, борттар мен әйнектердің тазаланбауы не ҚХФ демеушілерінің материалдарының бүлінгені немесе жоғалғаны туралы ҚХФ-ға хабарламау	10.3, 11	Ескерту	30
8	Клубқа бекітілген борттардағы немесе орталық шеңбердегі жарнамалық кеңістікті безендірмеу	10.4	Ескерту	30
9	Жарнамалық материалдардың орналастырылуы туралы фотоесеп ұсынбау	10.3	Ескерту	30
10	ҚХФ демеушілерінің бейнероликтерін медиакубта (таблода, дыбыс күшейту жүйесінде) көрсетпеу не өзге жарнамалық контентті бір мезгілде көрсету	14	Айыппұл	Әрбір матч үшін 150
11	Ойын формасының эскиздерін белгіленген мерзімде ұсынбау	12.1	Ескерту	30
12	Регламентке және Келісімге сәйкес орналастырылуға тиіс ҚХФ демеушілерінің жарнамалық материалдарынсыз немесе келісілмеген эскиздер бойынша дайындалған форманы пайдалану	12.2, 12.3	Айыппұл	Әрбір матч үшін 200
13	Мемлекеттік рәміздерді орналастыруға немесе рәсімдерді өткізуге қатысты Регламентте белгіленген талаптарды бұзу	13.1-13.3	Айыппұл	100

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
14	Клубтың хоккейшілерінің, жаттықтырушыларының немесе ресми тұлғаларының Мемлекеттік Әнұран орындалған кезде өзін ұстау талаптарын сақтамауы	13.4	Айыппұл	100
15	Клубтың жауапкершілік аймағына жататын себептер бойынша жарнамалық үзілістің өткізілуін бұзу (жарық сигналының ақаулығы, жұмыс орнының немесе үйлестірушінің байланыс құралдарының болмауы)	15.2	Айыппұл	50
16	Спорттық құрылыс аумағында Матчты ҚХФ-пен келіспей трансляциялау, кәсіби бейнетүсірілім жүргізу, Матчтың дыбысын жазу немесе сигналды үшінші тұлғаларға беру	16.1	Айыппұл	300
17	Техникалық әріптес алдындағы міндеттемелерді орындамау салдарынан трансляцияның үзілуі, кешігуі немесе сапасының нашарлауы	16.2	Айыппұл	Трансляция үзілген жағдайда – 300; кешіккен немесе сапасы нашарлаған жағдайда – 100
18	ҚХФ демеушілерінің іс-шараларын өткізу үшін алаңдарды ұсынбау немесе тиісті әрі уақтылы сұрау салынған жағдайда жүлделердің табысталуын қамтамасыз етпеу	9.1	Айыппұл	90
19	Тиісті сұрау салынған және Регламенттің 9.2-тармағында көзделген мән-жайлар болмаған жағдайда хоккейшілердің және (немесе) жаттықтырушылардың ҚХФ демеушілерінің іс-шараларына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етпеу	9.2	Айыппұл	100

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
20	ҚХФ-ның Регламенттің орындалуын бақылауына кедергі келтіру, оның ішінде ҚХФ-ның уәкілетті өкіліне жарнамалық материалдар орналастырылған орындарға кіруге мүмкіндік бермеу	5.2 подп. 6)	Айыппұл	100
21	Баспасөз конференциясын өткізбегені немесе бас жаттықтырушының дәлелді себепсіз қатыспауы	18.1	Айыппұл	100
22	Регламентте көзделген баспасөз қабырғаларының немесе баннерлердің болмауы; сұхбатты ресми фон аясында өткізбеу; кадрдағы киімге қойылатын талаптарды бұзу	17.2, 17.3	Ескерту	30
23	Матч туралы фото- және бейнематериалдарды ұсыну мерзімдерін бұзу	20.1, 20.2	Ескерту	30
24	Портреттік немесе командалық фотосуреттерді белгіленген мерзімде ұсынбау	20.3, Прил. 4	Ескерту	30
25	Регламенттің 19.1-тармағының 1)–3) тармақшаларында көзделген жария мәлімдемелер жасау	19.1 подп. 1)-3)	Айыппұл	150
26	Шағым беру тәртібін сақтамай, төрешілерді біржақтылыққа, парақорлыққа немесе матч нәтижесін келісіп алуға қатысты жария түрде айыптау	19.1 подп. 4)	Айыппұл	100
27	Ресми сайттың немесе ресми аккаунттың болмауы; ҚХФ ұсынған үлгілерді пайдаланбау	22.1, 22.2	Ескерту	50
28	Жарыстарды өткізуге тікелей қатысты Клубтың ресми хабарламаларын қазақ және орыс тілдерінде жариялamau	22.4	Ескерту	30

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
29	Регламент талаптарын бұза отырып, букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың жарнамасын орналастыру	22.5, 23.1	Айыппұл	200
30	Регламентте көзделген негіздерсіз аккредиттелген БАҚ өкілін оның санатына арналған аймаққа кіргізбеу немесе ҚХФ-ның аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы шешімін орындамау	21	Ескерту	50
31	ҚХФ демеушілеріне, қонақ Клубқа немесе қонақ Клубтың жанкүйерлеріне арналған билет квоталарын бұзу	25.2	Ескерту	40
32	Билет бағдарламасы туралы ақпаратты ұсынбау	25.1	Ескерту	20
33	Регламентте көзделген жағдайларда музыкалық сүйемелдеудің немесе ойын-сауық бағдарламасының болмауы	26.1	Ескерту	30
34	Клубтың Регламентте көзделген және өзінің нақты бақылауындағы кіруді бақылау, мас күйдегі немесе тыйым салынған заттары бар адамдарды кіргізбеу жөніндегі шараларды қабылдамауы	26.2	Айыппұл	90
35	Клубтың көрермендердің мұз айдынына заттар лақтыруын немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін өзге де әрекеттерін тоқтату үшін орынды түрде қажетті және өзінің нақты бақылауындағы шараларды қабылдамауы	26.2	Айыппұл	130

№	Бұзушылық	Тармақ	Алғашқы бұзушылық кезіндегі жауапкершілік шарасы	Айыппұл (АЕК)
36	Клуб Регламентте көзделген қауіпсіздік шараларын қабылдамаған жағдайда, «үйдегі» Матч кезінде қоғамдық тәртіптің жаппай бұзылуы	26.2, 26.4	Айыппұл	130; мұндай бұзушылық бір маусымда үш Матчта орын алған жағдайда – Спорттық құрылыста «үйдегі» Матчтарды өткізу құқығын 3 Матчқа дейін шектеу
37	Матч нәтижесі үшін қосымша сыйақылар туралы мәліметтерді немесе қорлайтын не көрінеу жалған ақпаратты тарату үшін таблоны, аудиожүйені немесе Спорттық құрылыстың өзге де ресурстарын пайдалану	26.3	Айыппұл	90
38	Бұрын салынған айыппұлды Регламентте белгіленген мерзімде төлемеу	29.5	Айыппұл	50 (осы бұзушылыққа Регламенттің 28.3.1-тармағында көзделген арттыру коэффициенттері қолданылмайды)

Маркетинг регламентіне
3-қосымша

БАҚ ӨКІЛДЕРІН АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Аккредиттеу журналистердің кәсіби қызметіне жағдай жасау және Жарыстарды сапалы жариялау мақсатында жүргізіледі. Аккредиттеу түрлері: маусымдық және бір реттік; санаттары: баспасөз, фото, ТВ/видео.

2. Өтінімді БАҚ редакциясы Клубтың баспасөз қызметі арқылы немесе тікелей ҚХФ-ға береді. Өтінімде мыналар қамтылуы тиіс: БАҚ атауы және оның тіркелуі туралы мәліметтер (тіркелген БАҚ үшін), тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, байланыс деректері, бейджге арналған фотосурет, Матчтар тізбесі, дербес деректерді өңдеуге келісім.

3. Мерзімдер: маусымдық аккредиттеу үшін өтінім 10 тамызға дейін беріледі; бір реттік аккредиттеу үшін өтінім Матчқа дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі тиіс.

4. Аккредиттеуден бас тарту негіздері: дәйексіз немесе толық емес мәліметтерді ұсыну; өтініш берушінің спортты немесе хоккейді жариялау жөніндегі кәсіби қызметпен байланысының болмауы; БАҚ жұмысына арналған тиісті аймақтардың сыйымдылығынан асып кету; өтініш берушінің ағымдағы немесе алдыңғы маусымда аккредиттеу талаптарын елеулі түрде немесе қайталап бұзуы. Орын саны шектеулі болған жағдайда ҚХФ БАҚ-тың сипатын, Жарыстарды жариялау жүйелілігін және өндірістік қажеттілікті ескере отырып, басымдық белгілеуге құқылы. Бас тарту туралы өтініш берушіге бас тарту негізі көрсетіле отырып хабарланады.

5. Аккредиттелген тұлға БАҚ жұмысына арналған аймақтарда болуға, баспасөз конференцияларына қатысуға, аралас аймақта жұмыс істеуге, Жарыстарды жариялау үшін ҚХФ мен Клубтар ұсынған материалдарды пайдалануға құқылы.

6. Аккредиттелген тұлға бейдж тағып жүруге, Спорттық құрылыстағы тәртіп қағидаларын және уәкілетті тұлғалардың нұсқауларын сақтауға, командалардың, төрешілердің, Техникалық әріптестің және көрермендердің жұмысына кедергі келтірмеуге, ҚХФ-ның келісімінсіз аккредиттеуді коммерциялық мақсаттарда пайдаланбауға, Матчты тікелей эфирде көрсетпеуге міндетті.

7. 6-тармақтың талаптарын бұзғаны, бейджді үшінші тұлғаларға бергені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ҚХФ аккредиттеуді кері қайтарып алуға құқылы. Аккредиттеуді кері қайтарып алу туралы шешім оның негізі көрсетіле отырып хабарланады.

8. Өтініш берушілердің дербес деректерін ҚХФ мен Клубтар тек аккредиттеу және БАҚ жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз ету мақсатында өңдейді. Дербес деректер Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын, оның ішінде деректер базасының және (немесе) цифрлық объектінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасуына қойылатын талаптарды сақтай отырып сақталады. Дербес деректер өңдеу мақсаттарына қол жеткізу және аккредиттеуге байланысты мәселелерді реттеу үшін қажетті мерзімнен артық сақталмайды.

Маркетинг регламентіне
4-қосымша

КЛУБТАРДЫҢ ФОТОМАТЕРИАЛДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Хоккейшінің, жаттықтырушының, басшының портреттік фотосуреті: үйдегі ойын формасында (хоккейшілер үшін), анфас, ақ фонда, арақатынасы 3:4, кадр кеудедегі логотиптің төменгі бөлігіне дейін, иықтары қиылмай түсірілуі тиіс. JPG және PNG (мөлдір фонмен) форматтары, ұзын жағының ажыратымдылығы кемінде 2000 px болуы қажет.

2. Командалық фотосурет: үйдегі Спорттық құрылыста түсіріледі, үш қатарға тұрып, көлденең бағытта орындалады, ажыратымдылығы кемінде 6000×4000 px, TIFF және JPG форматтарында болуы тиіс. Фотосуретте Клубтың өзекті құрамы, жаттықтырушылар және медициналық штаб, персонал мен басшылық қамтылуы қажет. Қатысушылардың тізімі жеке файлмен ұсынылады.

3. Мерзімдер: портреттік және командалық фотосуреттер маусымның алғашқы Матчына дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс; хоккейші қосымша өтінімге енгізілген немесе жаттықтырушы ауысқан жағдайда, 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

4. Ойын фотосуреттері Регламенттің 20-бабына сәйкес болуы тиіс; сутаңбаларсыз, ұзын жағының ажыратымдылығы кемінде 2000 px, шамадан тыс қиылмаған және экспозициясы дұрыс реттелген болуы қажет.

5. Файлдардың атауы: Клубтың_коды_Тегі_Аты_Маусым (латын әріптерімен). Файлдар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ҚХФ-ның бұлттық қоймасына жүктеледі.

6. Фотосуреттерді ҚХФ мен Клубтар Жарыстарды жариялау және ілгерілету мақсатында Клубтың авторлығын көрсете отырып пайдаланады

Маркетинг регламентіне
5-қосымша

МАРКЕТИНГ РЕГЛАМЕНТІМЕН ТАНЫСҚАНЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

_____ (Клубтың толық атауы), БСН _____, _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, № _____ «» _____ 20 ж. жасалған Шарт бойынша _____ (Жарыстың атауы) қатысушысы (бұдан әрі – Қатысу шарты) (бар болған жағдайда), осы арқылы:

1) «Қазақстан хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі бекіткен «Маркетинг регламентінің» мәтінін алғанын, онымен танысқанын, Регламентке тұтастай қосылатынын және оны сақтауға міндеттенетінін растайды. Регламент _____ «_» _____ 20 ж. бекітілген (бұдан әрі – Регламент);

2) Регламент Қатысу шартының ажырамас бөлігі болып табылатынымен келіседі, ал Қатысу шартындағы «Маркетинг, жарнама және PR регламентіне» жасалған сілтемелер Регламентке жасалған сілтемелерді білдіреді;

3) Регламентте белгіленген жауапкершілік шараларын, оның ішінде айыппұлдарды (№ 2 қосымша), сондай-ақ оларды қолдану және Регламенттің 7-тарағында көзделген қарсылықтарды қарау тәртібін қабылдайтынын растайды;

4) Регламентке сәйкес қолданылған жауапкершілік шараларын орындауға және айыппұлдарды Регламентте белгіленген мерзімдерде төлеуге міндеттенеді;

5) Регламент бойынша хабарламалар мен өзге де құжаттарды жіберуге арналған электрондық пошта мекенжайын көрсетеді: _____ және ол өзгерген жағдайда ҚХФ-ға бұл туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

Клуб басшысы: _____ / _____ / М.О. (бар болған жағдайда)

Күні: «_» _____ 20 ж.

ҚХФ тарапынан алынды: «___» _____ 20__ г. _____ / _____ /